

Мәжит Б.,

Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің
2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bagila.mazhit@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ОТБАСЫ» КОНЦЕПТІСІ ЖӘНЕ КОНЦЕПТІЛІК ӨРІСІ

Бұл мақалада қазақ тіліндегі «отбасы» концептісі және «отбасы» концептілік өрісі қазақ халқының дүниетанымы, мәдениеті негізінде тілдегі өзге де баламалы атаулармен салыстырыла отырып зерттеледі. Антропоцентристік бағыт бойынша тілдегі негізгі фактор адам екені белгілі. Адамның қоғамдағы орны дәстүрлі қазақ отбасында қалай жүйеленгені, тарихи негізі мен әлеуметтік қызметі тіл деректері бойынша анықталады. «Отбасы» концептісін зерттеу, талдау барысында қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, мақал-мәтел жинақтары, этнографиялық материалдар кеңінен пайдаланылды. Нәтижесінде «отбасы» концептісі мен концептілік өрісі қамтитын мән адам құқықтарын реттейтін арнаулы жүйе, жазылмаған заң ретінде халық санасына орнығып, ғасырлар бойы маңызын жоймай келе жатқаны белгілі болады. Көпшілік тарапынан аса жоғары маңызға ие «отбасы» концептісі мен оның концептілік өрісін талдау барысында алынған нәтижелер қоғамдық қатынастың ең берік негізі отбасы екендігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: концепт, концептілік өріс, антропоцентристік бағыт, лингвомәдениеттану, аксиологиялық стереотип, мәдениет.

Mazhit B.,

2nd year Master student of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and
World Languages, Kazakhstan, Almaty, e-mail: bagila.mazhit@mail.ru

The concept of «family» in the Kazakh language and conceptual field

In this article, the concept of «family» in the Kazakh language and the concept of «family» are studied in comparison with other alternative names in the language based on the outlook and culture of the Kazakh people. It is known that the main factor in the language in anthropocentric direction is human. The place of a person in the society is defined according to the language of the traditional Kazakh family, historical basis and social activity. The study of the concept of «Family» was widely used in the analysis of Kazakh language dictionaries, proverbs and sayings, ethnographic materials. As a result, the concept of «family» and the conceptual field are acknowledged as a special system of human rights regulation, an unwritten law, that has been reducing to the consciousness of the people for centuries. The concept of «family» that is of paramount importance and the results obtained in the analysis of its conceptual field testify to the fact that the family is the most solid foundation of public relations.

Key words: concept, conceptual field, anthropocentric orientation, linguistics, axiological stereotype, culture.

Мажит Б.,

магистрант 2 курса Казахского университета международных отношений и
мировых языков им. Абылайхана, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: bagila.mazhit@mail.ru

Понятие «семья» на казахском языке и концептуальное поле

В этой статье рассматривается понятие «семья» на казахском языке и понятие «семья» по сравнению с другими альтернативными именами на языке, основанном на мировоззрении и культуре казахского народа. Известно, что основным фактором в языке в антропоцентрическом

направлении является человек. Место человека в обществе определяется в соответствии с языком традиционной казахской семьи, исторической основой и общественной деятельностью. Изучение понятия «семья» широко использовалось при анализе словарей казахского языка, пословиц и высказываний, этнографических материалов. В результате понятие «семья» и концептуальная область признаются как особая система регулирования прав человека, неписанный закон, который на протяжении веков сводился к сознанию людей. Понятие «семья», имеющее первостепенное значение, и результаты, полученные при анализе его концептуального поля, свидетельствуют о том, что семья является наиболее прочной основой общественных отношений.

Ключевые слова: концепт, концептуальное поле, антропоцентрическая ориентация, лингвистика, аксиологический стереотип, культура.

Кіріспе

Қазіргі қазақ тіл білімінде мәдени, этномәдени зерттеулердің алар орны басым бағытқа ие болды. Бұл үдеріс әлемдік тіл біліміндегі үдеріспен тығыз байланысты екені белгілі жайт. Тіл, мәдениет, этнос арасындағы байланысты зерттейтін ғылым саласы ретінде танылған лингвомәдениеттанудың басты нысаны халық пен тіл, халық дүниетанымы мен дәстүрі. Бүгінгі тіл білімінің алға қойған мақсаттарының бірі ретінде осы тіл деректеріне сүйене отырып, халық санасындағы қалыптасқан заңдылықтардың себебін анықтау, не сол бағытта халық тарихының бір дереккөзі ретінде тілдің танылуын негіздеу болып табылады.

Тіл біліміндегі концепт ұғымы мен концептілік өріс түсінігінің шегінде «отбасы» концептісінің және концептілік өрісінің басым деректері зерттеу нысаны ретінде талданып, белгілі нәтижелерге жеткізді. Тіл білімі ғалымдары ХХ ғасырдан бастап тілді танудың пастулаты ретінде екі тезиске арқа сүйеуде: 1) тіл санадан тыс өмір сүрмейді; 2) тіл ақиқатты ұғып-түсінудің терең философиясымен байланысты [1, 18].

Тіл мен мәдениеттің байланысы лингвомәдениеттанудың басты зерттеу нысаны. Тіл білімі мәселелерін әр түрлі ғылым салаларымен байланыста қарау кең көлемді зерттеулерге жол ашып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізгені анық. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бері қалыптасқан лингвомәдениеттану осындай пәнаралық бағыттардың бірі. Әуелде тіл мен мәдениет арақатынасы мәселелері түрлі деңгейлерде философтар Платон, И. Гердер, Э. Кант, т.б. еңбектерінде қарастырылса, бертін келе В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, Кассирер, Л. Вайсгербер зерттеулерінде ғылыми ізденіс дәрежесінде көрініс тапты. Кеңес дәуірінде орыс ғалымдары: А. Потебня, Н. Топоров, В.В. Иванов, А. Толстой еңбектерінде, қазақстандық ғалымдар академик Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, Е. Жанұзақов, Ж.

Манкеева т.б. ғылыми еңбектерінде этнолингвистикалық бағытта зерделенді.

Бүгінгі лингвистикадағы адамның санасындағы, танымындағы, ойлау үдерісіндегі құбылыстарды тілдік бірліктер арқылы көру, тану бағыты конитивтік лингвистика мен ұлт тілі мен мәдениетінің, дүниетанымының тілдік бейнеде көрінісін зерттейтін бағыт лингвомәдениеттанудың өзара жақын тұстары да, зерттеу нысанына әр тараптан келетін ерекшеліктері де бар. Соған қарамастан зерттеу нысаны ретінде алынып отырған «отбасы» концептісін талдау, талқылау барысында кең тараған тіл білімі жетістіктерін толық қолдануға көңіл бөлінді.

Лингвистиканың бүгінгі бағыттарының қазақ тіл білімінде көрініс табуы күні бүгін пайда болған жоқ, тамыры тереңде. Қазақ тілінің оқулықтарын жазып, емлесін бір іздендіруге күш салған Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен осы бағыттардың сілемдерін көруге болады. Адам баласының танымы тілде көрініс табады. Ойымыз тіл арқылы жарыққа шығады. А. Байтұрсынұлының: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [2, 343], – деген сөзінде адам санасындағы ұғым-түсініктердің сыртқы ортаға танылуы айқын көрініс табады.

Қазақ тіліндегі «отбасы» концептісін талдау барысында қазақ тіл білімінің атасы

А. Байтұрсынұлы еңбектеріне, сондай-ақ қазіргі белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз.

Талдау

Болмысты тану, түсіну, ұғу нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Әлемнің тілдік бейнесі негізінен субъективті сипатта болады, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданып отырады. Адамның болмысты тануы, түсінуі, ұғуы арқылы жинақтаған білімі тілдік бірлікте көрініс табады. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты ұғуға, қоршаған ортаны танып, жинақтаған білімі негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады.

Адам қашанда әлемді танып, өз орнын айқындауға талаптанады. Тіл – сөйлеушінің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Тіл – адам санасының көрсеткіші. «Тіл – мәдениет – этнос» мәселесінде этномәдени сананың орны ерекше. Этномәдени сана – белгілі бір қоғам үшін әлеуметтік мәні ерекше болатын білімдер жиынтығы, ол тіл арқылы көрініс тауып, сақталып отырады. Себебі тіл, мәдениет, этнос өзара тығыз байланысты. Тіл – мәдениеттің құралы, құраушы бөліктерінің бірі болумен қатар белгілі бір тілдік ортада дамитын этникалық тұлғаның өзегін құрайды.

Әрбір сөйлеуші мәдениетті жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді. Сан ғасырлар бойы жинақталған білім қоры салт-дәстүр, дағды біліктер, ойлау ерекшеліктері, дүниетаным белгілі бір этникалық мәдени қауымдастыққа тән сипат алады.

Тілдік таңба этнотілдік сананың көрсеткіші болып табылады, мәндер жүйесі этномәдениет жүйесін айқындайды. Осыған байланысты А. Байтұрсынұлы: «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше

тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің де ой мақсаты бір, бәрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әртүрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды», – деп жазады [2].

Қазақ тілінде «отбасы» ұғымын білдіретін бірнеше сөз бар. Олар отбасының белгілі бір қоғамдық орнын, әлеуметтік белгісін танытатын сипаттарға ие. «Үй», «үйелмен», «шаңырақ», «отау», «отбасы», «жанұя», «босаға», т.б.

Бұл сөздердің концептілік мәні өз алдына «отбасы» концептінің мәнін ашуда, «отбасы» концептінің сипатын танытуда үлкен қызмет атқарады. Қазақ тіліндегі әр қилы сипаттағы концептілердің өрісі, сипаты, мәні өз алдына белгілі бір талдауларды, зерттеуді қажет еткендіктен, әзірге «отбасы» концептімен тікелей байланысты қырларын танытуды, сол бағытта ізденіс барысында кезіккен, танылған жақтарын ашықтауды жөн көрдік.

Әуелі «үй» сөзінің «отбасы» концептісіне қатысты жақтарын ашықтасақ. «Үй» концептісі өз алдына, «үй іші», «үй болу», «үйге шақыру», «үйлі болу», «үйлену», т.б. сөздер мен сөз тіркестерінде кездесіп «отбасылық» маңызы бар сипаттағы ұғымдарды білдіреді.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «үй – 1 Адам тұратын баспана; 2 Ауыс. Отбасы, үй іші» [3, 866] – деген анықтама берген. Бұдан көрінетіні қазақ тілінде «отбасы» концептімен бір мәнде қолданылатын сөз «үй». «Балалы үйдің ұрлығы жатпайды» деген секілді нақылдарда «үй» сөзінің «отбасы» мағынасында қолданыла береді. Жалпы алғанда «үй» концептінің бірнеше ұғымдық мәні бар. Соның азына тоқталып өтсек.

Әуелі «үй» концепті баспана мәнінде қолданылады. Бұл жағынан келгенде «үй» концепті мәдени мұралар қатарына жатады. Себебі, әлем халықтарының заттық мәдениетінің айғағы ретінде үй этностың, тайпаның, халықтың мекен-жайын білдіре отырып, олардың өмір сүру жағдайынан, тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан хабар береді. Басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, материалдық және рухани, эстетикалық дамуын көрсетеді. Ал мұндай жағдайдың бәрі тілімізде тіл білімінің этнолингвистика атты жаңа саласында қарастырылады. Ұлттық дәрежеде болған «үй» концептісінің тілдік деректерін этнолингвистикалық аспектіде қарастыру керек. Ондай аспектіде қарастыру

үшін тіліміздің құндылықтарына, яғни мақалдар мен мәтелдеріне, көркемсөз байлығына мән берген дұрыс.

Қазақ мақал-мәтелдері сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныккөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінен: «Ұлық болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білікке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [4, 156] дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйенер болсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерде жатыр.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал-мәтелдер әр алуан тақырыпқа сай туындаған. Мәселен, туған жер жайында, отбасы жөнінде, достық туралы, еңбек, адам, адамгершілік, білім туралы, т.б..

Қай тақырыптағы мақал-мәтел болмасын оның құрылуына, жасалуына қандай да бір сөздер ұйытқы, негіз болады. Сондай ұйытқы сөздердің бірі – «үй». Себебі адам болған соң кім-кім де отбасын құрып, өз алдына үйі болуын ойлауы керек. Адам баласы үй-күйі болмаса азып-тозып кетеді. Осыны түсінген қазақ «Үйің болса, күйің болады» немесе «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деп жатады. Бұл мақалдар арқылы екі бірдей мағына беріледі. Ол бұл мақалдардың құрамындағы «үй» сөзімен байланысты. «Үй» бір жағынан алғанда тура мағынасында, яғни баспана мағынасында жұмсалып тұрған сияқты. Себебі баспанасы болмаған адамдардан маза кетіп, басына баспана алудың қамымен жүргендіктен, шынымен-ақ ол адамдардың күйі болмайды.

Екіншіден, бұл жерде «үй» дегенді отбасы деп те қабылдауға болады. Өз отбасын құрған адамдар орнығып, көңіл-күйлері жай табары анық. Сондықтан, үйленбей ұзақ жүріп қалған балаларына ата-аналары ««Үйің болса, күйің болады» үйленуді ойластыр, балам» деп жатады. Алайда, отбасы болған соң онда әке де болуы керек, шеше де болуы керек. Тек қана толыққанды отбасында өскен бала ойын еркін айтып, еш кемшілікті сезінбей өседі.

Әкенің, не ананың болмауы баланың ер жетіп, қалыптасуында өз ізін түсірері сөзсіз. Бала тәрбиесінде ананың да, әкенің де үлестерін қосқаны дұрыс. Әсіресе, бала үшін ананың болуы өте маңызды. Себебі, әке отбасының тірегі болса, ана отбасы-ошақ қасының жылуын сақтаушы тұлға. Әкесіз өскен балалар негізінен жасық, ал анасыз өскен балалар көбіне қатыгездеу болып өседі.

Мұны әуел бастан түсінген қазақ халқы «Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз» деген даналық сөз айтады. «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады» деп тегін айтпаған ғой, әйелсіз үйдің сәні, оттың жылуы жоқтай сұрқия тартары да өтірік емес. «Үйдің басын қатын қосар, Елдің басын батыр қосар» деп тегін айтылмаған ғой.

Бірақ қазақ үшін атаның жолы бір басқа. Себебі ата ақылын, атаның (бұл жерде «ата» деп алынып отырған сөз әке мағынасында жұмсалып тұр) дұрыс жол көрсетуін ұғынған, соны бойына сіңірген ұрпақтың болашағы да жарқын, ол әрқашан көктеп, көгере берері анық. Мұны тіліміздегі «Батасыз ел жарымас, баталы ел арымас» деген мақалдан да байқауға болады. Алайда өкінішке орай не тағдырдың жазуымен, не адамдардың өз қолымен, өз еркімен әкесіз, яғни атасыз өсіп жатады. Осыған орай халық даналығы «Атасыз үй болса да, ассыз үй болмайды» дейді. Бұл мақалды көбіне жол жүріп келе жатқан жүргіншілер айтады.

Қазақ халқы ежелден қонақжай халық, ол қолындағы барын «құдайы қонағынан» аянған емес. Сондықтан да «Келгенше қонақ ұялады, келгеннен соң үй иесі ұялады» демекші, қай үйге түсерлерін, яғни түнеп шығарларын білмеген жолаушылар, негізінен үйдің сыртқы келбетіне үлкен мән берген және үйдің сыртқы пошымына қарап ол үйдің иесінің кім екенін айқындап отырған. «Үйлері қоңыр екен деп көп ауылдан кетпеңіз» деген халық даналығын да жадынан еш шығармаған жолаушы кейде кедей ауылға түнделетіп тап болып отырса да, түнеп шығуды өтінген. Ондайда көбіне «Аш адам ұрысқақ, арық адам тырысқақ келеді» демекші жарлы-жақыбайлар жарты наны болса да бөліп жеуді, тіпті жейтін наны болмаса да «Қуыс үйден құр шықпас» деп ыстық сумен болса да бойларына әл беруді жөн көретін қарапайымдылық, қонақжайлылық танытылып отырған.

«Үй иесі мейірлі отырса, қонақ көңілді отырады» дегенде естен шығармауға тырысып, жылы қабақ танытады. Қазақта «Би болмасаң болма, би түскендей үй бол» деп тегін айтпайды. Жола-

ушылап келе жатқан адам әр түрлі жағдайларды басынан өткерері анық. Кейде түсетін үйінде «ер адам болмай, ұялып қалмаспыз ба» деген ой да мазаламай тұрмаған. Алайда үй таңдайтындай күйде емес екенін, бір шыны болса да ыстық шай ішіп, әсіресе қыста, бой жылыту қажеттігін түсінген жолаушылар «Атасыз үй болса да, ассыз үй болмайды» осы бір үйге түсейік деп шешкен. Өкінішке орай, ондай жүргіншілерді әркезде құшақ жая қарсы ала бермеген, кей үйдің иелері түнеуге рұқсат бермей, басқа үйге жөн сілтеп, шығарып жіберіп те отырған.

«Үйі аппақ екен деп оңаша үйге түспеңіз» деген мақал осыдан қалса керек. «Үйінен қырық қадам шыққан адам – мүсәпір» демекші мұндай қылықты басынан кешу ауыр тиген жолаушы қазаққа жат мінез танытқан кезде «Әдепсіз үйге кірме, әкімсіз елде тұрма» деген осы да деп қана кетіп отырған. Ондай үй иелері тек өз басының ғана қамын ойлайды, елмен араласуды білмейді. Қазақ халқына мұндай қылық тән емес.

Жалпы алғанда қазақтың қонақжай халық екенін барша әлем біледі. Сондықтан да бала тәрбиесінде көбіне ата-аналары балаларына «Ішілмеген ас күлмен тең, кісі кірмеген үй көрмен тең» үйіңнен қонағың арылмасын деп бата беріп жатады. «Үй баласымен базарлы, қонағымен ажарлы», «Үйіңе қонақ келсін, алыстан сұрап келсін», – деп қонақ келсе мәз болып қарсы алуды, қонақжайлылық танытуды уағыздайды. Әсіресе жаңа отау құрып, еншісін алып бөлек шыққан баласының бойына осындай қазақи қонақжайлылықты дарытуға тырысады. Осыны естіп өскен ұрпақ «Үлкен үйдегілер күлсе, кіші үйдегілер езу тартар» демекші ата жолын жалғастырып, қонағы келсе «Түгін шыққан үй жылы, Төскейлей шыққан күн жылы» деп қойын сойып, ет асып жатады.

Сонымен қатар қазақта «Үйге келген адамға үйдей өкпенді айтпа» деген мақал бар. Қазақта қаншама ренжулі жүрген адам болса да, ол адам үйіне құдайы қонақ ретінде келгенде, еш уақытта да өкпесін айтпаған, суық қабақ танытпаған. Керісінше, «Үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығар» деген халық даналығын ұстанып, ол келген адамға сый-сияпатын көрсетіп, дастарқан жайып, дәм-тұзынан таттырған. Әрине, әркімге өз үйі алтын діңгек. «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» немесе «Өз үйім, өрен төсегім» деп тегін айтылмаған ғой, қаншама қонақжайлылық танытқанмен де, әркім өз үйіне оралғанша асығары да шындық. «Туған үйдің түтіні жылы, Туған ананың күтімі жылы» деп тегін айтылмаған ғой. Себебі үй ол – отбасы,

үй ол – Отан, үй ол – туған ел, үй – сенімен біте қайнасып жатқан жұртың, халқың. Сондықтан да халық «Жаман үйден қосым артық. Сынық ошақтан мосым артық» дейді.

Жалпы үй ол жеке бастың ғана қорғаны емес, отбасының, елінің де қорғаны болуы керек. Отбасы бар, балалы-шағалы үйдің өмір салты да қызықты болмақ. Себебі бала өріс, бала көптік, көпшілдік. Бала болғандықтан туыс та көп, ұрпақ жалғастығы да бар. «Үйде кісісі көп болса, далада кісі тимейді» немесе «Үйде туысы көпке түзде дұшпан тимейді» деген мақалдарда шындық жатыр.

Қазақта «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп тегін айтылмаған. Қазақ үшін бала үлкен құндылық, өмірдің мәні мен сәні. Бала былдырына, бала күлкісіне не жетсін. Бала – қуаныш, шаттық сыйлаушы, бала – өмір ұзыртушы. Олай дейтініміз психолог ғалымдар «адам неғұрлым көп күлсе, шынайы күлсе, соғұрлым өмірі ұзарады» дейді. Ал шынайы күлкі сыйлаушы пәк сезімді бала. Ендеше бала – өмір ұзартушы деп отырғанымыз орынды. Шынымен-ақ бүлдіршін баламен сөйлескенде адам еріксіз балалық шағына қайтып оралғандай болады. Үп-үлкен, тіпті лауазымдағы адамдар да баламен бала болып жатқанын көргенде риясыз риза боласын.

Халықта: «Үйің үй-ақ екен, ішінде ойнайтын баласы болса» деп немесе «Үйінде ұл-қызы бардың көгінде сөнбес жұлдызы бар» деп тегін айтпайды. Адам – баласы үшін дүние жинайды, баласы үшін еңбек етеді. Ал егер артыңда жиған тергеніңе ие болып қалар ұрпағың болмаса, ғұмырыңның зая өткені емес пе?! «Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз адам би болмас» деген. Алайда, бір үйдегі, бір отбасындағы адамдар бір-біріне қонақ іспетті. Өйткені олардың әрқайсысы өсіп, жетіліп өз алдына отбасын құрып, шаңырақ көтеріп жатады. Осыны ұғынған халық: «Үй іші толған жансың, бір-біріңе меймансың», – дейді. Қазақта үйге, балаға байланысты «Балалы үйде ұрлық жатпайды» деген де мақал бар. Бұл баланың пәктігін, еш арамдық ойламайтын тазалығын танытады. Шынымен-ақ бала біреуден бірнәрсені жасыру керек дегенді білмейді. Балаға үйде еркіндік берілуі керек, сонда ғана балада еркін ойлауға мүмкіндік туады. Ал ондай баладан жақсы адам шығары анық. «Үйде оңбаған түзде де оңбайды», «Үйде өскен бұзау түзде өгіз болмайды» деген халық даналығы соны мегзейді. Ал «Үйде озған, түзде де озар». «Түздегі май ішеді, Үйдегі зәр ішеді» демекші баланың қанатын қайырмай, еркін ұшуына

мүмкіндік беру қажет. Бала шетке шығып білім-ғылым жинауы қажет. Ол оның ертеңіне қажет болар азық. Саналы бала өмір жолында көрген қателіктерінің кейін қайталанбауын ойлайды, қиындықтарының арқасында шыңдалады. Оны «Үйден ұзап шықпасаң, қатынға қадірің болмайды. Ауылдан ұзап шықпасаң, жақынға қадірің болмайды» деген мақал соның айғағы іспетті.

Жалпы отбасы, отбасы тәрбиесі туралы мәселе «үй» концептісімен тығыз байланысты болып келеді. Себебі, отбасы дегеніміздің өзі «үй». Біз жұмысымыздың екінші тарауында «үй» концептісінің білдіретін мағыналарын санамалап ашып түсіндіргенбіз. Соның бірі «үй» концептісінің білдіретін мәні отбасы екендігі. Ал отбасы қоғамның тірегі. Қоғамдағы көп нәрсе отбасы тәрбиесіне байланысты болып келеді. Қазақ халқы үйде мақал-мәтел арқылы, тұспал сөз (өлең), тұрақты оралымдар арқылы балаларын жайлап, ақырын, дауыс көтермей-ақ тәрбиелеп отырған. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде әсіресе мақал-мәтелдердің мәні аса зор. Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне үлкен мән беріледі. «Қызға қырық үйден тию» демекші бала тәрбиесімен тек отбасы, өз үйі ғана емес, туған-туысқандары, тіпті бүкіл ел боп айналысқан, жас ұрпақты жақсылыққа баулыған.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Алайда үй болған соң әр түрлі жағдайлар болып жатады. «Үй болған соң шыны-аяқ шылдырамай тұрмайды», демекші ұрыс-керіс те болып қалуы ықтимал. Дегенмен «Үйдегі қоқысты далаға төкпе» дегендей ұрыс-жанжал шығарып, ойбайлап шашын жайып көшеге шығу қазаққа жат қылық. «Үйде – атан, түзде – бура» бола білу керек. «Үйде шешен, дауға жоқ, Үйде батыр, жауға жоқ» болудың қажеті жоқ.

«Үй» ол – қасиетті орда, тұрақ, баспана. Үйде жылылық болуы қажет. «Үйде бір күн ұрыс болса, қырық күндік ырыс кетеді» деп тегін айтылмаған. Сондықтан әрқашан төзімділік таныту қажет, босқа айқай шығарып, үйдің берекесін кетіруге болмайды. «Үйден шап шықса, дастарқаннан құт қашар» «Үйге ұт кірді – егіншінің көкейіне құт кірді» деген аталарымыз. Ендеше отбасының, үйдің тірегі болып отырған ер адам да, үйдің ұйытқысы болып отырған әйел адам да осыны естен еш шығармауы тиіс. Сондай-ақ қазақта «Үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтыла алмассың» дегенді кесе көлденең тартып, ауызбіршілікке, адалдыққа, ынтымақ-бірлікке тәрбиелеп отырған. Алдымен, бір-біріне мейрімді, қорған бола білуге, соның

негізінде отбасы мәселесін, ел мәселесін жеке бас мәселесінен жоғары қоюға тәрбиелеген.

«Бір үй аш болса, ауыл аш, ауыл аш болса, ел аш» дегенді айтып адам тағдыры ел тағдырымен тығыз байланыстылығын танытқан. «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» дегендей атамыз қазақ жалғыз өзің тойғаныңша, көппен бірге қиналуды бала бойына дарытуды жөн көрген. Не көрсе де елімен бірге көруді дұрыс деп тапқан халық бала қаншама жыраққа шыққанмен, ол әрқашан еліне, үйіне қайтып оралуы қажеттігін де баласының санасына құйып отырған. Бұл жерде «Үй» концептісі отбасы мен қатар Отан, ел, туған жер дегенді де білдіретіндігін айтуымыз қажет. Басқа елдің тасы да бөтен, суы да бөтен демекші, әр елдің өз салты бар, өз мүддесі бар. Сондықтан да «Басқа үйдің жығуын білсем де, тігуін білмеймін» дейді қазақ. Бұл жерде «үй» концептісі ел мағынасында қолданылғаны байқалады.

«Күйі бірдің күні бір, үйі бірдің шиі бір», «Ордаға керек отауға да керек» демекші не мәселе болса да бірге шешу керектігін айтады. Бүгін елің үшін деп істегенің ертең өз үйіңе де, яғни отбасыңа да қажетті шаруа екенін түсінуіміз керек. Және керісінше, Отан әр отбасынан әр үйден құрылатынын да ұмытпауымыз қажет. Яғни, Отан, отбасы, үй бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан «Бір үй аш болса, ауыл аш, ауыл аш болса, ел аш» дейді. Елдегі болып жатқан жағдай отбасы психологиясына, отбасы мәдениетіне, отбасы тәрбиесіне, қала берді «Үйдегі есепті базардағы нарық бұзар» немесе «Үйдегі нарық көшеге тура келмейді» демекші отбасы бюджетіне де әсер етіп отыратыны шындық.

Бүгінгі күні қазақ қоғамы алдында тұрған үлкен келелі мәселелердің бірі осы – үй мәселесі. Көптеген төл жұртымыздың баспанасыз отырғаны да ащы шындық. «Үйі бардың күйі бар, үйі жоқтың күйі жоқ» дейді халық. Сондықтан да елбасымыз осы мәселеден шығудың бірден-бір жолын ойластырып, өзінің бір Жолдауында «Тұрғын үй-коммуналдық» мәселесін жолға қоюды ұсынған болатын. Осы ретте «Үйі жоқтың көңілінде алтын сарай жүреді» демекші қолжетімді баспана мәселесі бүгінгі таңда қолға алынуда. Ол туралы бұқаралық-ақпарт құралдары жазып та жатыр, сөйлеп те жатыр. Яки халықты жасалып жатқан істерден құлақтандыру үстінде. Жалпы, «үй» концептісі қоғам өмірінде әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәселелермен тығыз байланысты болып келетін концепт.

«Үй» концепті қазақ тілінің көптеген лексикалық бірліктерінің құрамында ұшырасады. Соның бірі мақал-мәтелдер. «Үй» концепті құрылымына негіз болған сексенге жуық мақал-мәтел бар. Оларды зерделей келе, үй қазақ халқының таным-түсінігін, тұрмыс-салтын, мәдениетін, әдебін, тәлім-тәрбиесін көрсететін этномәдени концепті екеніне көз жеткізуге болады.

«Үйелмен» толық құрамды отбасыны айқындайтын ұғым. Кей кездері «әулет» ұғымымен мәндес келеді. Дегенмен «әулетке» қарағанда мәні жағынан кейінгі орындағы сөз. Мұның өзі «үйелмен» сөзінің білдіретін мәні әулеттің бір бөлігін таныту, яғни бір шаңырақ астында тұратын отағасынан тарайтын үлкен отбасы ұғымын ұғындырады. «Үйелмен» сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «үйелмен – үй-мүлік, үй-жай, қора-қопсы» деген анықтама береді, сонымен қатар «үйелменімен – түгелімен, тұтасымен» [3, 867] деген анықтама да осы бір сөздің тілдік нұсқалары болып келеді. Бұдан көрінетіні біздің жоғарыда үйелмен сөзінің түсінігіне толықтырулар мен аздаған өзгерістер арқылы «отбасы» концептімен бір үйлес атау екенін анықтауымыз дәлелді екенін көрсетеді.

«Шаңырақ» сөзі өз мәнінде киіз үйдің бір бөлігі. Ал қолданыста үй, отбасы деген ұғымдарды да білдіреді. «Қара шаңырақ» тіркесі «үлкен үй», «ата-ананың үйі», «әулеттің ұйытқы ортасы» деген мәндерде қолданылады. Бұл ұғым қазақтың «ежелгі қоныс», «ата қоныс», «ата мекен» ұғымдарымен сыйысып, осы ұғымдардың мәнін ашықтайды, ұғымын үстейді. Сөздікте: «шаңырақ – 1 Киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып тұратын дөңгелек шеңбер; 2 Ауыс. әркімнің тұрған, туған үйі» [3, 902] деген анықтама беріледі. Мұнда да «отбасы» концептіне байланысты белгілерді көруге болады. Жалпы мәнде қарағанда «шаңырақ» дегеніміз «отбасы» концептінің танытуда қасиетті ұғым, қастерлі сөз екенін анық байқауға болады.

«Отау» да өз алдына баспана ұғымында қолданылғанымен «отбасы» мәнінде де жұмсалыады. «Ақ отау», «жас отау» ұғымдары жаңа шаңырақ көтерген жұбайлардың үйіне айтылса, бір жағы олардың жас отбасы екенін айқындайтын сөз. Сонымен бірге олардың «отбасы» екенін ашықтайтын ұғым. Оның сөздіктегі анықтамасы да сөзімізге дәлел: «отау – жаңадан тұрмыс құрып, енші алып бөлінген ұлдың үйі; отау үй» [3, 643].

«Босаға» деп үйдің кіре беріс бөлігін айтады. Осы ұғым үй иесінің атымен қосарланып,

сол кісінің отбасы, үйі екенін де білдіреді. Дегенмен қазақ ұғымында босағаға қатысты түрлі түсініктер, ырымдар, тыйымдар бар. «Босаға – 1 есіктің екі жақтауы, 2 төрге қарама-қарсы, төменгі есік жақ; 3 Ауыс. үй, отбасы, табалдырық» [3, 139]. «Босағадан ену», «Босаға аттау», «Босағада тұрмау» секілді ырымдар мен тыйымдар «босаға» сөзінің қадірін арттырып, көшпелі қазақ халқының санасында берік орын алған қасиетке ие сөз екенін де аңғармау мүмкін емес.

«Жанұя» қазақ сөзжасамының жетістіктерінің бірі. Бұл сөздік қолданысымызға енбей тұрып түрлі дау тудырған сөздердің қатарында. Дегенмен өзінің сәтті жасалу жолы мен айтуға жеңілдігінен қолданысқа еніп кетті. Сөздікте қысқа ғана «отбасы» [5, 18] деп түсінік берілген. «Жанұя» орыстың «семья» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы немесе нұсқасы есебінде жасалды. Қазір «жанұя жарасымы», «жанұя жарастығы» секілді тіркестермен қатар қолданылады. Ұғымы отбасының ауыз бірлігі мол, жарасымды өмір сүріп отырғанын білдіреді.

«Әулет» сөзі қазақ тілінде «үрім-бұтақ, өрен-жаран» [3, 94] деген мағына береді. Бұл өз кезегінде қазақ салтындағы «Жеті ата» ұғымымен үйлесетін, мәнін ашатын сөз. Халық санасында «жеті ата» ұғымы үлкен мәнге ие өзіндік ұстанымдары мен ырымдары, тыйымдары бар түсінік. Бұл отбасылық қатынасты жолға қоятын, неке мәселесін реттейтін, жөн-жоралғы мен түрлі дәстүрлерді басшылыққа алуға үндейтін заң деуге болатын қағидаттар. Атадан балаға жалғасқан тізім жеті атадан асумен отбасылық қатынастардың жаңа жолға қойылуы жүзеге асады. Алайда қазақ шежіресінде тікелей ата-бабаларынан бастап олардың ұрпақтарын қоса есептегенде кездесетін жиырма екі түрлі атау бар. Мұны зерттеуші ғалым Ж. Кейкін «Қазақы атаулар мен байламдар» атты еңбегінде моңғол жеріндегі қазақтардың ата тек шежіресін зерттеуші Шынай Рахметұлы бір кіндіктен тараған жиырма екі сатылы ұрпақтың атауын тізбектеп, оларды төрт тектік буынға бөліп қарастырғанын айта отырып сол тізімді келтіреді. Бұл 22 атаның ішіне «жеті ата» да енеді. Үстірт қарағанның өзінде «жеті ата» ұғымы орта жол екенін аңғаруға болады. Сонымен «22 ата»: бабалар буыны: тұқиян, төркін, тектік, баба; аталар буыны: әз ата, ата, әке; немере ағайын буыны: бала, немере, шөбере, шөпшек, өбере; қалыс ағайын буыны: туажат, жүрежат, жекжат, жұрағат, жамағат, өркен, әулет, зәузат, жаран, қалыс [6, 27].

Қазақ тілінде сонымен бірге «Он ата» түсінігі де бар. Олар: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежат, жекжат, жұрағат [6, 21]. Алайда құдандаласу сегізінші атадан басталады. Көбіне «жекжатқа» жеткенде құдандалы болып жатады. «Құда-жекжат» деген атау осыдан туса керек.

Отбасылық қатынастарды жолға қоюда «отбасы» концептінің өрісі кең. Бұл ұғымдар шаңырақтың шайқалмай тұруын, неше атасынан жалғасқан татулық пен бірліктің мығым болуын қамтамасыз етеді.

Концептілік өріс – көп қырлы, кеңістіктік, тұтас құбылыс. Сонымен бірге ол – халықтың дүниетанымымен, әлемді қабылдауымен, тарихымен, менталитетімен, мәдениетімен байланысты ашық жүйе. Кез келген тілдің концептілік өрісінің үшқырлылығы – тілмен, рухани мәдениетпен, объективті шындықпен өзара байланысуы және әсерлесуі нәтижесінде қалыптасады. Осыдан концептілік өрістің мынадай негізгі белгілерін көруге болады: 1) Көлемділік – халықтың мәдени тәжірибесі, мәдени дәстүрі мен түсініктерінің байланысын білдіреді; 2) Үшқырлылық – тілді халықтың мәдениеті, тарихы, дүниетанымын қамтитын құбылыс ретінде көрсетеді; 3) Тұтастық – концептілік өріс белгілі бір халықтың тұтас ұлттық мәдениетін сипаттайды.

Жеке сөздің концепті толықтай сол сөздің семантикалық немесе ассоциативтік өрісі арқылы ашылады. «Сөздің семантикалық немесе ассоциативтік өрісінде жатқан ақпарат өзінің құрамында когнитивті және прагматикалық білімдердің элементтерін бейнелейді. Мысалы, сөздің ассоциативті өрісінде бар «семантикалық контекст» өз қатарында концептінің иерархиялық ұйымдастырылуындағы түрлі қатынастарды береді» [7, 5].

Кең мағынада концепт құрылымын шеңбер ретінде елестетуге болады, оның орталығында негізгі ұғым, концепт ядросы болады да, ал перифериясында мәдениет, дәстүр, халықтық немесе тұлғалық тәжірибе арқылы танылған ұғымдар қатары болады. Ядро – лексеманың сөздіктегі мағыналары. Периферия – субъективті тәжірибе, коннотациялар, ассоциациялар, т.б. лексеманы құрайтын түрлі прагматикалық құрамдастар.

«Отбасы» концептілік өрісін шартты түрде мынадай 5 лексика-семантикалық топқа жіктеуге болады: 1) Мекендік; 2) Туысқандық; 3) Адамгершілік; 4) Эмоциялық; 5) Рухани және материалдық.

Біздің жүйелеуімізде «отбасы» концептілік өрісі жоғарыдағы 5 топ бойынша төмендегідей нәтиже берді:

Мекендік өрісі: отан; әулет; қарашаңырақ; шаңырақ; жанұя; ыстық ұя; тал бесік; туған үй; т.б.

Туысқандық өрісі: жеті ата: түп ата, тек ата, арғы ата, баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жекжат, жұрағат; ата, әже; әке, ана, шеше; аға, іні, қарындас; әпке, сіңлі; жиендер; т.б.

Адамгершілік өрісі: тәрбие; бауырмалдық; тазалық; адалдық; сыйластық; жауапкершілік; түсіністік; сенім; құрмет; т.б.

Эмоциялық өрісі: махаббат; сүйіспеншілік; қуаныш; шаттық; мейірімділік; бақыт; жылулық; аялы алақан; т.б.

Рухани және материалдық өрісі: еңбек; жақсылық жасау; рухани және материалдық байлық; қамқорлық; қол ұшын беру; қолдау; көмек беру; кеңес беру; сүйеніш болу; т.б.

Бес өріс негізінде өзге де қатынастарды, өзге де атауларды топтастыруға болады. Сонымен қатар өзге де топтарға топтастыратын тілдік санадағы ұғымдар мен түсініктер бар болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

Нәтиже және талқылау

Тілдің сөздік құрамын зерттеу арқылы сөйлеушілердің тілінде көрініс тапқан негізгі құндылықтарды айқындауға болады. Бұл орайда тілдің тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеру қажет. Тілдік семантика белгілі бір тілдік ұжымға және жеке сөйлерменге тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды. Адам мен халықтың дүниетанымын бейнелейтін адамзат санасы мәдениеті мен тілі арқылы көрініс табады. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған әлем бейнесі көрінеді. Ғаламның тілдегі көрінісі осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы болып табылады. Әрбір жаңа ұрпақ ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды.

Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлерменін қалыптастырады, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипа-

тын, идеологиясын айқындайды. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды. Осыған байланысты ғалым А. Байтұрсынұлы: «Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. ...Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» [8, 142], – деп жазады.

Әлемнің тілдік бейнесіндегі «отбасы» концептісі аясында қазақ отбасының этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып талдау жасаудың бірнеше жолын қарастырып көре қажеттігі зерттеу барысында анықталды. Атап айтқанда:

- ұлттық дәстүрлі таным жүйесіндегі «отбасы» концепті;
- мифтік танымдағы «отбасы» концепті;
- тұрақты тіркестер мен мақал мәтелдердегі «отбасы» концепті;
- «отбасы» концептінің ұғымдық мәнін ашуда БАҚ-тың қызметі;
- көркем туындылардағы «отбасы» концептінің кездесу реті;
- тарихи жағдаяттарға орай қалыптасқан «отбасы» концептіне үстеме түсініктер мен ұғымдар; т.б.

Қазақ «Отан отбасынан басталады» деп қоғамдағы отбасы институтының орнын аса жоғары бағалап, маңызын арттырып қойған. Халықтық тәлім-тәрбиенің негізінде отбасы тәрбиесі, отбасындағы ата мен әже, әке мен ана, балалардың өз орындары бар. Әрбірінің алдында жазылмаған заңдылықтар мен айтпай ұғынылатын міндеттері болады. Қазақ отбасы бала жастан тәлім-тәрбиені осы бағытта өрістететіні халықтық мақал-мәтелдер мен бала қиялын дамытуға арналған ойын өлеңдерінде, ұлттық ойындарында анық көрінеді.

Сонымен «отбасы» концептісін осы классификацияларға салып қарастырып көргенде, біріншіден, тақырыптамалық тұрғысынан отба-

сы концептісі эмоционалды десек болады, ол махаббат, бақыт, бақытсыздық деген сияқты басқа да эмоционалды концептілерді тудырады. Отбасылық әдебиет дегеніміз мәтіндік концепт болып табылады. Студент концептісін білуге көмектесетін білімі концепт деп те айта аламыз. Екіншіден, тасымалдаушылар тұрғысынан отбасы концептісі микротоптық, жалпы адамдық десек болады. Үшіншіден, әлеуметтік лингвистикалық типтегі дискурстардың (саяси, іскерлік, бұқаралық-ақпараттық, жарнамалық, ғылыми, педагогикалық, діни, спорттық, медициналық) барлығында дерлік қызмет атқарады. Қолданыс саласындағы белгілеріне қарай метакәсіби болып келеді.

Адамдық санасындағы ұғымдық аппараттың арқаулы элементі бола тұрып, концепт күрделі әмбебаптық құбылыс болып табылады. Бір-бірімен өте тығыз байланысқан, ұғымдық аялары өзара қиылысып, бірін-бірі анықтап және толықтырып отыратын концептілердің бар болуы ешқандай күмән тудырмайды. Туыстық компоненттер мен тығыз ассоциативтік және дифференциалдық арақатынастарының себептерінен, осындай күрделі құбылыстарды гиперконцепттер деп атаған жөн. Осы тәріздес құбылыстар зерттеушінің қызығушылығын тудырады, себебі ұғымдық аппараттың терең әмбебаптығын ашуға мол келешек береді.

Адамдық сананы зерттейтін сала есебінде туыстық компоненттер тобының бірі болып отбасы / үй көрсетіледі. Отбасы / үй концепттері адам мәдениеті мен санасында ең маңызды да өмірлік концепттер қатарына жатады. Бұл концептілердің жақындықтарында күмән жоқ, ал оларды репрезенттейтін лексемаларының ұқсастығы мен синонимдігі, сөздіктерде, ауызекі тілде, көркем мәтіндерде жазылған [9, 51].

Сонымен қатар Вивиан Эванстың «Когнитивтік лингвистика глоссарийі» кітабында концептке төмендегідей анықтама беріп өткен. «Концепт – жүйелеу мен концептуалдау үшін орталық болатын негізгі білім бірлігі. Концептуалдау жүйесіндегі концепт – балалық шақтан түрлі іс-әрекет үстінде жиналатын тәжірибе арқылы дүниені тану, мәнді талдап қорыту. Бұл үдеріс ең күрделі концептінің өзін сурет сызбасы секілді қарапайым, әрі оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Концептілер лексикалық концепт ретінде белгілі бір тілде кодталуы мүмкін. Сондай-ақ, концептілер тұрақты когнитивтік бірлік саналғанымен де, қалыпты құбылыстар мен қайталанатын тәжірибелерде өзгеріп отырады» [10, 31]. Бұл анықтамадан концептінің

бір қырын анық тануға болады. Сонымен қатар зерттеушінің концептінің уақыт пен жағдайларға байланысты тарихи өзгерістерге ұшырап отыратынын көрсетуі заңды. Мұндай жағдайлардың «отбасы» концептін талдау барысында да аз кездеспегенін атап өту шарт.

«Шаңырақ», «босаға», «отау», «үйелмен» сөздерінің бастапқы мәні бүтінді бөлшегі арқылы танудан туындай отырып, негізгі мағынасына үстеме мән қосылып, өзіндік құрамымен «отбасы» концептісінің өрісін құрап отырғанын көруге болады. Олар білдіретін балама мәндер «отбасы» концептілік өрісі шеңберінен асып отыратын тұстары да аз емес. Демек бұл дегеніміз сол сөздердің өзіндік концептілік мәнін ашудың жаңа талаптарын қарастыру керектігін көрсетеді. Дегенмен ұғымдар жүйесінде бұл атаулардың көп мағыналылық қыры ашылып зерттелсе көптеген ғылыми жетістіктерге жетуіміз анық.

Қорытынды

«Отбасы» концептінің өрісі қазақ тілінде кең болуымен қатар, олардың қоғамдық санада алар орнының басымдығы да айқын мәселе. Мақалада көрініс тапқан концептілік өрістердің халық тұрмысында, қоғамдық өмірде болып жатқан жағдайларға себепкерлік тұрғыдан қарағанда әлеуметтік және де қоғамдық қатынастардың өзіндік жүйемен дамуы осы халық данылығынан туған, халық тарихымен тығыз байланысты тілдік бірліктерде айқын көрініс табатындығын аңғару қиын емес. Оған зерттеу барысында да көз жеткіздік.

«Отбасы» феномені көпқырлы және көпмағыналылығымен сипатталатындығын, оның бинарлы феномен екендігін, ал оны қарастырудың екі тәсілі (күрделі ішкі құрылымы бар әлеуметтік институт болып келетін макроорганизм ретінде; туыстық, некелік немесе ата-аналық қарым-қатынастардың негізінде құрылатын кіші топ ретінде) барлығы аталды.

Лингвомәдени және когнитивтік зерттеулердің ұштасу нәтижесіндегі «отбасы» концептісін ашудағы рөлі қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы лингвомәден-

иеттану атты жаңа ғылымның қалыптасуына, ал тіл мен ойлау үдерісінің өзара байланысын зерттеу когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасуына әкелді. Лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистиканың методологияларының ұқсастығын аталып, екі ғылыми саланың негізгі бірлігі концепт (лингвомәдени немесе мәдени концепт; когнитивтік концепт) екендігі айқындалды.

Лингвомәдени концепт – дискурста қызмет атқаратын және мәдени ортаға сіңген, көпқұрылымды, полиапелляциялы, тілде вербалданатын ментальді құрылым, ал когнитивтік концепт біршама реттелген ішкі құрылымы бар, дискреттік ментальді құрылым болып табылатындығына талдау жасадық. Концепттің тілдік құралдар арқылы вербалдануы, ментальді құрылым болуы тәрізді белгілері лингвомәдени концепт пен когнитивтік концептті өзара қиылыстыратыны анықталып, сол себептен когнитивтік лингвистиканың біраз деректері лингвомәдени зерттеулерде де қолданыла алатындығы нақтыланды.

Әлемнің тілдік бейнесі біртекті құрылым емес, ол әртүрлі мәндік сипаттамасы бар концептілерден құрылу нәтижесінде белгілі бір концепті бірнеше тұрпаттама шеңберінде қарастыруға мүмкіндік беретіндігі және концепттің әртүрлі типтерінің барлығын детерминдейтінгі дәйектелді. Жиі кездесетін классификациялар бойынша талдау нәтижесінде «отбасы» концептісі әлеуметтік лингвистикалық типтегі дискурстардың барлығында дерлік қызмет атқаратын, эмоционалдық, мәтіндік, біліми, метакәсіби концептілердің қасиетіне ие екендігі айқындалды.

Адам мәдениеті мен санасында ең маңызды да өмірлік концепттер, туыстық компоненттер болып келетін отбасы / үй / шаңырақ / отау / босаға концептері гиперконцепттер екендігі айқындалды.

Сонымен қатар «отбасы» концептінің өрісі негізінде халық тұрмысы мен мәдениетіне біршама шолу жасалынды. Бұл тілдік бірліктердің халық тарихы мен мәдениеті, дүниетанымы мен әлемнің тілдік бейнесіндегі орнын көрсететін факторлар.

Әдебиеттер

1 Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар: оқу құралы / толықтырылып екінші басылуы. – Алматы: Арыс, 2012. – 176 б.

2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 4 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 9 т. 2007. – 84 б.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том: Ж-Ж / құрастырғандар: Ж. Қоңыратбаева, Ф. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
- 6 Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: Өлке, 2006. – 456 б.
- 7 Гиздатов Г.Г., Шеляховская Л.А. О соотношении концептуальных и языковых структур // Функционирование единиц языка и речи. – Караганда, 1994.
- 8 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері – Алматы, Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 9 Кострубина Е.А. Типы концептов: гиперконцепт семья – дом / Вестник Пермского университета, Выпуск 6 (12). – Пермь, 2010.
- 10 Evans V. A Glossary of Cognitive Linguistics. – Edinburgh: Edinburgh University Press Ltd, 2007.

References

- 1 Momynova B. Tildegi zhanga bagyttar men tiptik qatynastar: oqu quraly / tolyqytyrylyp ekinshi basylyu. Almaty: Arys, 2012. 176 p. (In Kazakh)
- 2 Baitursynov A. Aq zhol. Almaty: Zhalyn, 1991. 464 p. (In Kazakh)
- 3 Qazaq tilining tusindirme sozdigi / zhalpy redaksiasyn basqargan T. Zhanuzaqov. Almaty: Daik-Press, 2008. 968 p. (In Kazakh)
- 4 Qazaqstan Ulttyq ensiklopediasy. Almaty: Qazaq ensiklopediasy. 9-tom. 2007. Pp. 84. (In Kazakh)
- 5 Qazaq adebi tilining sozdigi. On bes tomdyq. 6-tom. Zh-Zh. / qurastyrgandar: Zh. Qongyratbaeva, G. Qaliev, Q. Esenova zhane t.b. Almaty. Arys, 2007. 752 p. (In Kazakh)
- 6 Keikin Zh. Qazaqy ataular men bailamdar. Almaty. Olke, 2006. 456 p. (In Kazakh)
- 7 Gizdatov G.G., Sheliahovskaia L.A. O sootnoshenii konceptualnyh i yazykovyh struktur // Funkcionirovanie edinic yazyka i rechi. Karaganda. 1994. (In Russian)
- 8 Baitursynov A. Til tagylymy: qazaq tili men oqu-agartuga qatysty engbekteri. Almaty. Ana tili. 1992. 448 p. (In Kazakh)
- 9 Kostrubina E.A. Tipy konceptov: giperkoncept semia – dom / Vestnik Permskogo universiteta. Vipusk No 6 (12). Perm. 2010. (In Russian)
- 10 Evans V. A Glossary of Cognitive Linguistics. – Edinburgh: Edinburgh University Press Ltd, 2007.